

Зинеден селосындағы "Затон", Амангелді елді мекеніндегі "Родина" көшелерінің атауын өзгерту туралы

Күші жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Забурын селолық округі әкімінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі N 15 шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Исатай ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 28 қазанда N 4-4-108 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Забурын селолық округі әкімінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 24 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Забурын селолық округі әкімінің 26.10.2010 № 24 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы желтоқсанында N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 2 тармағына және аудандық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 17 сәуірдегі ұйғарымына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Забурын селолық округінің елді мекенінің "Родина" көшесі "Ақшағала" көшесі болып қайта аталсын.
2. Зинеден селосының "Затон" көшесі "Толқынды" көшесі болып қайта аталсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Забурын селолық округі әкімі аппаратының бас маманы Ш. Құрмановаға жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Забурын селолық округі әкімі

Б. Құсаинов